

Қауымдастықты дамытуға бірлесе қатысу әдістемесі

Қатысу – бұл барлық қолжетімді ресурстарды пайдаланып, мәселелерді бірлесіп шешуге қауымдастықты тарту процесі

Қауымдастықты дамытуға бірлесе қатысу әдістемесі жергілікті мәселелерді анықтау және шешу процесіне қауымдастықтың барлық мүшелерін барынша тартуға негізделген. Тек қана бірлескен жұмыс процесінде қалыптасқан меншіктену сезімі тұрақты және ұзақ мерзімді нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.



1-ші қадам. Қауымдастықтың мұқтаждығын және қажеттілігін бағалау, мәселенің өзектілігі.

Мақсаты: мәселені анықтау, оның маңыздылығы және шешу реттілігі бойынша бірлескен жұмыстар және қоғамдық жиналыстар өткізу арқылы қауымдастықтың мұқтаждығын және қажеттілігін бағалау.

Нәтиже: барлық мүдделі тараптармен бірге қауымдастықтағы өзекті мәселелер тізімі жасалынды, қауымдастықтың қатысуын қажет ететін аса өзекті мәселе анықталды, келесі кезең үшін қатысушылар анықталды.



2-ші қадам. Қауымдастықтың мүддесін ұсынушы топты құру (ҚМҰТ)

Мақсаты: құрамына беделді, сенім артатын, мәселені шешуге қызығушылығы және құзіреті бар қауымдастық мүшесі кіруі қажет ҚМҰТ құру.

Нәтиже: анықталған мәселені шешу үшін кейінгі қызметтердің барлығына қатысатын ҚМҰТ құрылды.



Маңызды: ҚМҰТ жалпы жиналыста дауыс беру арқылы сайланады. ҚМҰТ үміткерлерін қауымдастық мүшелерінің өздері ұсынады.

ҚМҰТ құрамына міндетті түрде: қауымдастықтың белсенділері және көшбасшылары, осал топ өкілдері, сондай-ақ, жергілікті билік органдары, бизнес, ҰЕҰ және БАҚ өкілдері кіруі тиіс.



3-ші қадам. Анықталған мәселені толық талдау

Мақсаты: мәселенің пайда болу себептерін және теріс әсерлерін анықтау.

Нәтиже: мәселенің себептеріне талдау жасалынды және оны шешудің басымдықтары анықталды.

1-ші қадамды орындау үшін әдістер

Миға шабуыл – қауымдастықтағы бар мәселені ашық және кең талқылау. Барлық айтылған мәселелер жазылып отырады.



Басымдықтарды анықтау матрицасы – басымдықты анықтауда ортақ шешімге қол жеткізу үшін пайдаланатын тиімді әдіс. Матрица бірқатар мәселелер немесе өзге сұрақтар қатарынан басымдысын анықтауға көмектеседі. Соның арқасында, қай мәселе ең маңызды және жедел шешімді талап ететінін нақты және анық көруге болады.

1	2	3
2	3	4
3	4	5


Жүппен саралау – адамдарға бір мәселені екінші мәселемен салыстыру арқылы салыстырмалы маңыздылығын көрсетуге және сол бойынша шешім қабылдауға көмектесетін әдіс.



Жапсырма (стикер) әдісі – әрбір қатысушыға түрлі-түсті жапсырмамен белгілеу арқылы үш аса өзекті мәселе пайдасына өз таңдауын жасауға мүмкіндік береді.



3-ші қадамды орындау үшін әдіс



«Мәселе ағашы» – мәселенің себептері мен салдарының өзара байланысын анықтауға және бүкіл спектрін көруге көмектесетін негізгі схема. Ағаш үш бөлімнен тұрады: тамырдан, бұтақтардан және жапырақтардан. Тамырлар – бұл пайда болған мәселенің себептері. Осылар мәселенің пайда болуына ықпал етеді. Егер оның алдын алсаң, мәселе жойылады. Бұтақтар – тұжырымдамасы. Жапырақтар – бұл мәселенің пайда болуына әсер еткен салдар.

Қауымдастықты дамытуға бірлесе қатысу әдістемесі

Қатысу – бұл барлық қолжетімді ресурстарды пайдаланып, мәселелерді бірлесіп шешуге қауымдастықты тарту процесі

Қауымдастықты дамытуға бірлесе қатысу әдістемесі жергілікті мәселелерді анықтау және шешу процесіне қауымдастықтың барлық мүшелерін барынша тартуға негізделген. Тек қана бірлескен жұмыс процесінде қалыптасқан меншіктену сезімі тұрақты және ұзақ мерзімді нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.



4-ші қадам. Анықталған мәселені шешу үшін қолда бар және қажетті ресурстарды анықтау

Мақсаты: Мәселені шешу үшін жергілікті қолда бар ресурстарды тарту.

Нәтиже: қауымдастықтағы барлық қол жетімді ресурстар анықталды.




5-ші қадам. Анықталған мәселені шешу үшін бірлескен іс-әрекет жоспарын дайындау

Мақсат: анықталған мәселені шешу үшін бірлескен іс-әрекет жоспарын дайындау.

Нәтиже: іс-әрекет жоспары дайындалды, әр жұмысқа жауаптылар анықталды, жұмыстың орындалу кестесі жасалынды.



Маңызды: іс-әрекет жоспары қауымдастықтың мүшелерінің міндетті түрде қатысуымен, ҚМҰТ дайындалады.



6-шы қадам. Дайындалған жоспарды жүзеге асыру және қызметтерге мониторинг жүргізу

Мақсаты: бірлескен іс-әрекет жоспары және процесс мониторингі тиімді жүзеге асырылуда.

Нәтиже: барлық қауымдастық мүшелері мәселені шешу процесіне тартылды, қажеттілігіне қарай қызметтерге өзгерістер енгізу үшін процестерге мониторинг жүргізілуде.

Маңызды: мәселені шешуге қауымдастықты тарту үшін жоспарланған іс-әрекеттердің орындалуы бойынша үнемі ақпараттандыруды қамтамасыз ету.



4-ші қадамды орындау үшін әдістер

Ресурстар картасы – бұл жергілікті қауымдастықты зерттеуге және барлық қолда бар ресурстарды анықтауға көмектесетін құрал.



Институционалдық диаграмма

– бұл қауымдастық өмірінде, сол секілді анықталған мәселені шешуде маңызды рөл атқаратын барлық ұйымдарды, құрылымдарды, жеке тұлғаларды және топ адамдарды анықтауға көмектесетін көрнекілік әдісі.



7-ші қадам. Нәтижелерді бірлесіп бағалау және келесі іс-әрекетерді жоспарлау

Мақсат: бірлескен іс-әрекеттер нәтижесіне шынайы баға берілді және соның негізінде келесі іс-әрекетер жоспарланады.

Нәтиже: Бірлескен күш арқасында қауымдастық мүшелері ортақ мақсатқа жетті және барлық жоспарланған іс-әрекеттерді сәтті орындады, адамдар алдағы уақытта бірлесіп жұмыс істеу үшін ынталы.



Маңызды: бағалау – бұл алынған нәтиженің деңгейін анықтауға көмектесетін процесс

Бағалау келесі сұраққа жауап береді: «Біз қалаған мақсатқа жеттік пе?».